**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 ақпан N 202

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-33-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Ескерту. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттарындағы "Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасы", "Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасының", "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Ішкі әскерлер қолбасшысының бас басқармасы" деген сөздер "Ішкі әскерлер комитеті", "Ішкі әскерлер комитетінің" " Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлер комитет" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.26. N 1057 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
-----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Еліміздің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5 510 мың теңге (бес миллион бес жүз он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағындағы Ұйымдасқан қылмысқа

және қылмыстың өзге де қауіпті түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюро туралы ереже.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ТМД аумағында ұйымдасқан қылмысқа және құқық бұзушылықтардың өзге де түрлеріне қарсы күресті үйлестіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің Ішкі істер министрлері кеңесін, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер аумағындағы Ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстардың өзге де қауіпті түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюроны ақпараттық қамтамасыз ету; қылмысқа қарсы күресте ынтымақтастықты дамыту ісінің ортақ мүдделерін ескере отырып, ТМД-ға қатысушы-мемлекеттер ішкі істер органдарының өзара ақпараттық іс-қимыл жасасуын қамтамасыз ету; ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің ішкі істер органдарының біртұтас ақпараттық кеңістігін қалыптастыру және олардың қолда бар ақпараттық ресурстарға жедел қол жеткізуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Еліміздің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету. | | | |
| | | 030 | Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюро | Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюроны ұстауға арналған үлестік жарналар (ҰҚКҮБ қызметкерлерінің саны - 30 адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының өкілі - 1 адам). | Ай сайын | Қазақстан Республика. сының Ішкіісмині |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер аумағында ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін қамтамасыз ету, қылмыс жасағаны үшін жазаланбай қалмау

қағидатын жүзеге асыру; қылмыс жасауға әзірленуде немесе оны жасауда сезікті адамдардың мінез-құлқы, өмір салты, байланыстары мен қылмыстық әрекеттері туралы мәліметтер жинау және қудаланатын сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны немесе сотталған адамды соның аумағында ұсталған Тараптың құқық қорғау органына мәжбүрлі түрде жеткізу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Әкімшілік шығыстар" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 7 225 010 мың теңге (жеті миллиард екі жүз жиырма бес миллион он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2708 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 ақпандағы N 180-7 қаулысы; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штаттық санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысы; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 329 қаулысы ; "Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 483 қаулысы ; "Мемлекеттік органдардың қызметкерлерін шетелдерге іссапарға жіберуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 274 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 маусымдағы N 777 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекет мүдделеріне, азаматтар мен адамдардың бостандығы мен құқығына қатысты қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алуды және жолын кесу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратына, оның Жол полициясы комитетіне, Ішкі әскерлер комитеті мен аумақтық бөлімшелеріне жүктелген міндеттердің барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау мен жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру жөніндегі; олардың құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен алдын ала тергеуді, анықтауды және әкімшілік өндірісті жүзеге асыру жөніндегі; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік қадағалау мен бақылау жөніндегі; мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке тұлғаны күзету, сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау, террористік актілердің жолын кесуге қатысу, кепілдікке алынғандарды босату жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратын, оның Жол полициясы комитетін, Ішкі әскерлер комитеті мен аумақтық бөлімшелерін ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама.  !     Бағдарламаны      !Іске асыру!  Жауапты
  !дар.!бағ.!лардың (кіші !  (кіші бағдарламаны) !  мерзім. !орындаушылар
  !лама!дар.!бағдарлама.  !  іске асыру жөніндегі !    дері   !
```

!коды!лама!лардың) атауы! іс-шаралар ! !
! !коды! ! ! !
! ! ! ! ! !
------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
------------------------------------------------------------------------
1 001 Әкімшілік шығыстар

001 Орталық орган аппараты — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, оның Жол полициясы комитетінің, Ішкі әскерлер комитеті аппаратын 1459 бірліктен тұратын штаттық сан шегінде ұстау. — Ай сайын — Қазақстан Республикасының Ішкі ісмині, Ішкі әскерлер Жол полициясы комитеті.

002 Аумақтық органдардың аппараттары — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдарын 19138 бірліктен тұратын штаттық сан шегінде ұстау. — Ай сайын — Қазақстан Республикасының Ішкі ісмині, облыстардағы ІІББ-ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, Астана қаласының ІІБ, Көліктегі ішкі істер бас басқармасы, Әскери-тергеу округтері, басқармалары мен бөлімдері, арнайы

полиция бөлімшелері.
-----------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы және уақытында орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 202 қаулысына 3 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
----------------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Тергеу жүргізу кезінде адвокаттарға еңбекақы төлеу" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 18 000 мың теңге (он сегіз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 207-Х ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі ; "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңы ; "Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғаумен және өкілдік етумен байланысты шығыстарды өтеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1247 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген өз құқықтарын, бостандықтарын қорғаудағы және білікті заң көмегін алудағы адам құқықтарын іске толық асыруды және мемлекеттік тапсырыстың уақытында орындалуын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: адвокаттар көрсеткен қызметке ақы төлеу және қылмыстық істер бойынша қорғау мақсатында заңды мүдделерін қорғаудағы және іске асырудағы адвокаттар қызметін ұйымдастыру адвокаттық қызметтерді заңнамада тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Тергеу жүргізу кезінде адвокаттарға еңбекақы төлеу | Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің 71, 72-баптарына және "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабындағы 2-тармаққа сәйкес және ақы төлеуден босатылған адамдарға көрсеткен заң көмегі үшін ақы төлеу және бұл жағдайларда қорғаумен және өкілдікпен байланысты шығыстарды өтеу өндірісінде іс болатын қылмыстық істі жүргізуші органның қаулысының және сот ұйғарымының негізінде республикалық бюджет есебінен жүргізіледі. | Ай сайын | Қазақстан Республика. сының Ішкіістер мині, облыс. тардағы ІІББ-ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, Астана қаласының ІІБ, Көлікте. гі Ішкі істер бас басқарма. сы, әскери-тергеу округ. тері, басқар. малары мен бөлімдері, арнайы по. лиция бөлім. шелері. |

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: азаматтарды адам құқықтарын қорғауда заңнама кепілдік берген білікті заң көмегімен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
4 қосымша
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы деген" 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 413 200 мың теңге (төрт жүз он үш миллион екі жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2708 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 9 карашадағы N 480 Жарлығы ; "Тылдық қамтамасыз ету түрлері бойынша нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 762 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республика аумағында террористік және өзге де экстремистік көріністердің туындауын болдырмау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ішкіісминнің техникалық, криминалдық барлау бөлімшелерін арнайы техникалық құралдармен жарақтау; авиатехниканы күрделі жөндеуден өткізу; ұшу-техникалық мүлікті сатып алу; жақын және алыс шет елдердің антитеррористік бөлімшелерінде пайдаланылатын әдістемелер мен арнайы техникалық құралдарды қолдану жөніндегі мамандарды оқытуды ұйымдастыру.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------------
N  !Бағ.!Кіші!Бағдарлама.  !      Бағдарламаны       !Іске асыру!  Жауапты
   !дар.!бағ.!лардың (кіші !  (кіші бағдарламаны) !  мерзім. !орындаушылар
   !лама!дар.!бағдарлама.  ! іске асыру жөніндегі !    дері    !
   !коды!лама!лардың) атауы!       іс-шаралар       !           !
   !    !коды!             !                         !           !
```

! ! ! ! ! !

---------------------------------------------------------------------

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 014 | | Терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы | Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 09 қарашадағы N 480 Жарлығы мен бекітілген Қазақстан Республикасында терро. ризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарла. масына сәйкес іс-шаралар жүргізу | Ай сайын | Қазақстан Республикасы. ның Ішкіісми. ні, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Ішкі әскерлер комитеті N 3656 әскери бөлім |

---------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: республика аумағында террористік және өзге де экстремистік және сепаратистік көріністердің туындауын болдырмау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
5 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
-----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3 856 326 мың теңге (үш миллиард сегіз жүз елу алты миллион үш жүз жиырма алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2708 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штаттық санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысы; "Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 483 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Тылдық қамтамасыз етудің түрлері бойынша нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 762 қаулысы ; " Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғудан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдеріне жүктелген міндеттердің барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік және өзге де объектілерді, жеке адамдарды күзету, тұтқынға алынғандар мен сотталғандарды айдауылдау қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысу, жаппай және топтасқан тәртіп бұзушылықтардың жолын кесу, кепілдікке алынғандарды босату, төтенше жағдайлардың (табиғи апаттардың, ірі апаттар мен катастрофалардың) зардаптарын жоюға қатысу жөніндегі Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін оларды ұстау.

6. Іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------------

| N | Бағ. дар. лама. коды | Кіші бағ. лама. коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Республикалық деңгейде қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | | | |
| | | 030 | Ішкі әскерлердің құрамалары мен бөлімдері | Ішкі әскерлердің құрамалары мен бөлімдерін штаттық сан шегінде ұстау. Ішкі әскерлердің қызметін азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, заттай мүліктермен, жұмсақ инвентарьмен, жанар-жағар май материалдарымен және басқа да тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету. | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Ішкіісмині, Ішкі әскерлер комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдері |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік объектілерді күзетуді қамтамасыз етуде, тұтқынға алынғандар мен сотталғандарды айдауылдауда, патрульдік-күзет қызметін атқару арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуда Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдеріне жүктелген міндеттердің сапалы және уақытында орындалуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
6 қосымша
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Тергеу қамауына алынған адамдарды ұстау" деген 031 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1 630 528 мың теңге (бір миллиард алты жүз отыз миллион бес жүз жиырма сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 209-1 ҚРЗ Қылмыстық-атқару кодексі ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-1-ҚРЗ Заңы ; "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы; " Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегінде қызметтік іссапарлары туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; "Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 483 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын , жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: заңнамада қарастырылған қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды ұстаудың тәртібі мен шарттарын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: құқық тәртібін және тергеуге алынғандарды ұстау режимін, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің тергеу изоляторларын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспары:

| N | Бағдар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Бағдарлама. лардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 031 | | Тергеу қамауына алынған адамдарды ұстау. | | | |
| | | 031 | Тергеу изоляторлары | Тергеу изоляторларын 3973 бірліктен тұратын штаттық сан шегінде ұстау. Тергеу изоляторларының қызметін азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, заттай мүліктермен, арнайы жабдықтармен, жұмсақ инвентарьмен, жанар-жағар май материалдарымен, тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету. Әртүрлі атаулы 23 | Ай сайын | Қазақстан Республикасы. ның Ішкіісми. ні, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің тергеу изо. ляторлары. |

бірліктен тұратын оққағарларды, 5 бірліктен тұратын противогаздарды, 120 бірліктен тұратын "Черемуха" бұйымдарын, 24 бірліктен тұратын қолкісендерді, 5454 бірліктен тұратын әртүрлі атаулы патрон. дарды, 90 бірліктен тұратын резеңке таяқтарды, 21 бірліктен тұратын қалқанды каскаларды, 2 бірліктен тұратын алып жүретін металл іздегішті, 1 бірліктен тұратын "Поиск-3" стационарлық металл тапқышты, 1 бірліктен тұратын "Olimpus L-400" микрокассеталы диктофонды, 1 бірліктен тұратын "АК" металлдарды табуға арналған приборды, 1 бірліктен тұратын құпия және бос орындарды табуға арналған приборды, 6 бірліктен тұратын әртүрлі атаулы түнде көру приборларын, 1 бірліктен тұратын КС-23 карабинін, 10 бірліктен тұратын әртүрлі атаулы периметрді күзету жүйесін сатып алу.

---------------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: қылмыс жасауына байланысты сезік туғызуы не айыпталуы бойынша ұсталғандар мен тұтқынға алынғандарды күзет қамауында ұстаудың шарттарын қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Тергеу изоляторларына жүктелген міндеттерді сапалы

және уақытында орындау, сондай-ақ ТИ-ді жоспарланып отырған - 18 000 мың адаммен толтыруда оларға қатысты қылмыстық процесті жүргізуші органдардың қаулыларын, ұйғарымдары мен үкімдерін орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
7 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
--------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Мемлекеттік жоба 3" деген**
**034 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 400 000 мың теңге (төрт жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасындағы қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 қазандағы N 1641 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында республиканың ішкі істер органдарын ақпарат жинақтаудың, өңдеудің және берудің алдыңғы қатарлы технологияларын қоса алғанда қажетті қазіргі уақыттағы техникалық құралдармен кең ауқымды кешенді түрде жарақтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қарағанды қаласында Жедел басқару орталығын (ЖБО) және аймақтық ақпараттық желіні құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

```
-------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама.  !      Бағдарламаны      !Іске асыру!  Жауапты
  !дар.!бағ.!лардың (кіші !  (кіші бағдарламаны) !  мерзім. !орындаушылар
  !лама!дар.!бағдарлама.  ! іске асыру жөніндегі !    дері   !
```

!коды!лама!лардың) атауы! іс-шаралар ! !
! !коды! ! ! !
! ! ! ! ! !
---------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------------------
1 034 Мемлекеттік жоба 3

80 3-мемлекеттік жобаның екінші фазасын іске асыру Қарағанды қаласында ЖБО-ны құру: 1) лицензиялық бағдарламалық өнімді сатып алу; 2) жабдықтарды: цифрлы автоматтық телефон станцияларын, серверлерді, компьютерлерді, ақпарат сақтау құрылғыларын, үздіксіз тоқ беру көздерін, желіаралық экранды, контроллерді, геоақпараттық жүйені, цифрлы электронды картаны, төмен жиілік. тегі күшейткіштерді, микшерлерді, микрофондарды, басқару пультін, дыбыс ақпаратын енгізу және шығару интерфейстерін, мультимедиялық бейнепроекторды, мәжбүрлі желдеткіші бар пульттерді, креслолар, тумбочкалар, жылжып келе жатқан объектілерді автоматты түрде анықтау жүйесін 2002 жылғы сәуір - қараша Қазақстан Республика. сының Ішкі. ісмині

сатып алу;
3) инсталляция, оқыту, құжаттама. Қарағанды облысы ІІББ-нің ішкі істер органдары бөлімшелерінің аймақтық ақпараттық желісін құру, оны Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ақпараттық желісіне қосу:
1) жабдықтарды: аксессуарлары бар оптикоталшықты кабельдерді, жабдықтарға арналған орнықтырғыштарды, опто-кросстарды, магистралды желілік коммутаторларды, жұмыс тобы коммутаторларын, маршрутизаторларды, үздіксіз тоқ беру көздерін, бекіту комплектісін, транктік жүйені, диспетчерлеудің және басқарудың кіші жүйесін, қашықтықтағы мониторинг жүйесін, қашықтықтағы басқару және бағдарламалау жүйесін, радиожелілік торабын, абоненттік радиостанцияларды сатып алу;
2) инсталляция, оқыту, құжаттама. Жобаны басқару шығындары. Көрсетілген іс-шараларды 2002 жылы іске асыру "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қаражаттар

шегінде мемлекеттік сатып алулар бойынша өткізілген конкурсқа байланысты ішінара жүргізілетін болады. 2003 жылы жобаны іске асыруды аяқтау жоспарланып отыр.

------------------------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: полицияның кезекші нарядтарының күш-құралын жедел басқару, қызметтер мен бөлімшелердің ауыр қылмыстарға, жаппай тәртіпсіздіктерге, табиғи апаттарға және басқа да төтенше оқиғаларға жедел қимыл көрсету жөніндегі іс-әрекеттерін үйлестіру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
8 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
------------------------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттарын және жеке куәліктерін әзірлеу" деген 035 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 217 132 мың теңге (екі жүз он жеті миллион бір жүз отыз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы төлқұжаттық жүйе туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 ақпандағы N 134 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: азаматтардың еркін жүріп-тұру мен тұрғылықты жерді таңдаудағы конституциялық құқықтарын жүзеге асыру халықты құжаттандыру және есепке алу жүйесін жетілдіру үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен жеке куәліктерін әзірлеуді қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен жеке куәліктерін әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарлама (кіші бағдарлама) лардың атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 035 | | Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен жеке куәліктерін әзірлеу | Қазақстан Республикасының азаматтарына төлқұжаттар (234 985 дана) және жеке куәліктер (781 986 дана) әзірлеу. | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, "Ақпараттық-өндірістік орталық" РМК. |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: азаматтардың еркін жүріп-тұру мен тұрғылықты жерді таңдаудағы конституциялық құқықтарын іске асыру, азаматтарды тіркеу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
9 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2002 жылға арналған "Жедел-іздестіру қызметі" деген 039 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны: 763 849 мың теңге (жеті жүз алпыс үш миллион сегіз жүз қырық тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі N 13 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысы ; "Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 483 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 0014 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 11 қарашадағы N 003 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 14 маусымдағы N 096 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 05 мамырдағы N 007 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына жүктелген міндеттердің барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін және меншікті (олардың түрлеріне қарамастан) құқыққа қарсы қол сұғудан қорғау жөніндегі олардың қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерін оларға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

1 039 Жедел-іздестіру қызметі.

030 Ішкі істер органдарының жедел-іздестіру қызметі | Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерін ұстау | Ай сайын Қазақстан Республикасы. ның Ішкіісми. ні, облыстар. дағы ІІББ-ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, Астана қаласының ІІБ, Көліктегі ішкі істер бас басқар. масы, Әскери-тергеу округ. тері, басқар. малары мен бөлімдері, арнайы полиция бөлімшелері.

---------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жедел-іздестіру қызметі жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына жүктелген міндеттердің сапалы және уақытында орындалуы, органның үздіксіз қызмет етуі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
10 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Ішкі істер органдарына автокөліктік қызмет көрсетілуін ұйымдастыру" деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 128 874 мың теңге (бір жүз жиырма сегіз миллион сегіз жүз жетпіс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын, ішкі әскерлерінің бөлімдері мен бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің нормалары және тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің автокөліктік қызметтерді қажет етуін уақытында және сапалы қамтамасыз ету, автомобиль көліктерінің қызметтік және мобилизациялық дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің автокөліктік қызмет көрсету мекемесіне жүктелген міндеттердің барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің автокөліктік қызмет көрсету мекемесіне жүктелген міндеттерді орындау үшін оны ұстау: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының жедел-қызметтік және шаруашылық қызметін қамтамасыз ету; жүк тасымалдауды ( тиеу-түсіру жұмыстарын қосқанда) жүзеге асыру автомобиль көліктерінің мобилизациялық дайындығын ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық кесімдерімен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | | Ішкі істер органдарына автокөліктік қызмет көрсетілуін ұйымдастыру | | | |
| | | 030 | Автокөліктік қызмет көрсету мекемесі | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің автокөліктік қызмет көрсету мекемесін 159 бірліктен тұратын штаттық сан шегінде ұстау. Көлік құралдарына қызмет көрсетуге және оларды ұстауға қажетті жанар-жағар май материалдары мен, тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету, көлік құралдарын техникалық байқауды өткізу. | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің автокөліктік қызмет көрсету мекемесі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Ішкіісмині орталық аппаратының жедел-қызметтік және шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін дер кезінде автокөліктік қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы

N 202 қаулысына
11 қосымша
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
-----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшіс

**2002 жылға арналған "Процессуалдық шығындарды өтеу"
деген 043 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1000 мың теңге (бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 207-1 ҚРЗ Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің 174, 175, 176-баптары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: куәгерлер мен зардап шеккендерді сот процесіне уақытында жеткізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қылмыстық процеске қатысушы адамдарға қылмыстық іс жүргізу кезінде келтірілген шығындарды өтеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 043 | | Процессуалдық шығындарды өтеу | Зардап шеккен адамға, азаматтық іс бойынша талап қоюшыға, азаматтық іс бойынша жауап берушіге және қылмыстық сот өндірісіне қатысушы басқа да адамдарға | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Ішкіісмині, облыстардағы ІІББ-ІІБ, Алматы қаласының ІІББ, Астана |

(орташа есеппен 100 қаласының ІІБ
адам) қылмыстық істі жүргізу барысында келтірілген шығындарды республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеу:
1) қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келу шығындары:
- теміржол немесе автомобиль көлігінде жол жүру құны;
- қызметтік іссапарларды төлеу үшін қабылданған нормалар бойынша тұрғын үйді жалға алу құны.
2) қылмыстық процесті жүргізуші органның талабы бойынша осы адамдардың тұрақты жерінен тысқары жерде орналасуы қажет болғанда оларға берілетін тәуліктік үлес.
-----------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: қылмыстық істердің соттарда уақытында қаралуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
12 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Дипломатиялық өкілдіктерді күзету" деген 045 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 234 328 мың теңге (екі жүз отыз төрт миллион үш жүз жиырма сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы N 85-II Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 қарашадағы N 1433 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штаттық санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысы; "Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 сәуірдегі N 483 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында бекітілген шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерін күзетуді қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Дипломатиялық өкілдіктерді күзетуді, күзетілетін объектілерге жалғасып жатқан аумақтардағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді және құқық бұзушылықтардың жолын кесуді жүзеге асыру; аумақтық ішкі істер органдарымен бірлесіп дипломатиялық өкілдіктерді қорғауды және оларға жасалған

шабуылды тойтаруды ұйымдастыру жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Полиция полкіне дипломатиялық өкілдіктерді күзету бойынша жүктелген міндеттерді орындау үшін оның қызметін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 045 | | Дипломатиялық өкілдіктерді күзету | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Полиция полкін штаттық сан шегінде ұстау. Полиция полкінің қызметін жанар-жағар май материалдарымен, тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету (орналасқан күзет орындарының саны: Астана қ. - 18, Алматы қ. - 127). | Ай сайын | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктерді күзету жөніндегі полиция полкі |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасында бекітілген шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерін күзетуді қамтамасыз ету (орналасқан күзет орындарының саны: Астана қ. - 18, Алматы қ. - 127).

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
13 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау" деген 046 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6 985 мың теңге (алты миллион тоғыз жүз сексен бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 72-II ҚРЗ Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қылмысқа қарсы күрес саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу; заңдылық пен құқық тәртібін одан әрі нығайту; қылмыстық процеске қатысушы адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын олардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне қол сұғудан қорғауды қамтамасыз ету; қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өміріне, денсаулығына және мүлкіне қол сұғудың нақты қаупі туындаған кезде қылмыстық процеске қатысушы адамдарды, олардың отбасы мүшелері мен жақын туысқандарын мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Бағдарлама.лардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім.дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 046 | | Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды | Жауап алуға арналған бөлмелер ретіндегі үй-жайларды (16 облыстар мен қалаларда, мемлекеттік 1 КІІББ-де Астана | Ай сайын | Қазақстан Республика.сының Ішкіісмині |

қорғау қаласы) ағымдық жөндеу және жабдықтау.
17 бірлік дауыс тембрін өзгертетін синтезаторды;
17 шаршы метр айналы-қарайтылған шыныны;
17 бірлік селекторлық байланыс комплектісін сатып алу.
16 облыстарда және қалаларда пәтерлер мен жеке меншік үйлерді жалға алу.
----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: қылмыстық процеске қатысушы адамдардың қауіпсіздік шараларын қолдану нәтижесінде қылмыстарды ашу процентін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
14 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Арнайы тасымалдаулар" деген 047 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 50 900 мың теңге (бес жүз миллион тоғыз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің әскери, арнайы және өзге де тасымалдауларын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әскери, арнайы және өзге де тасымалдауларды ұйымдастыру және жедел басқару әскери эшелондардың, көліктердің

және басқа да сандық бірліктердің жылдам жүруін және оларды тәуліктік бақылауды қамтамасыз ету; сот мәжілістерінің болмай қалуына жол бермеу; сотталғандардың жаза өтеуі бойынша сот қаулыларын уақытында орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Бағдарлама.лардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім.дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 047 | | Арнайы тасымалдаулар | Арнайы контингентті және жүктерді тасымалдау (оның ішінде Оңтүстік Орал теміржолы бойынша) жөніндегі көлік қызметін көрсету. лерді өтеу: тасымалдауларды жүзеге асыру үшін 16 арнайы вагондарды жалға алу (жылына 13 бағыттағы 485 рейс); арнайы вагондарға техникалық қызмет көрсету. N 70109 вагонның жылжымалы бастапқы пунктіне техникалық қызмет көрсету. N 70109 вагонның жылжымалы бастапқы пункттін күрделі жөндеуден өткізу. Арнайы әскери тасымалдау қызметтері үшін коммуналдық | Ай сайын | Қазақстан Республика.сының Ішкіісмині |

қызмет көрсетулерге
байланыс қызметтеріне,
электр энергиясына,
жылу энергиясына
және үй-жайларды жалға
алуға ақы төлеу.
----------------------------------------------------------------------
Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының аумағында әскери және мемлекеттік әскери тасымалдаулардың қозғалыс кестесінің орындалуын және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес арнайы контингенттің тасымалдануын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
15 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
----------------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерін реформалау бағдарламасы" деген 049 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 750 000 мың теңге (жеті жүз елу миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2708 Заңы ; "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы N 233-І Заңы ; "Терроризмге қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Заңы ; "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 163 Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі әскерлерді реформалау және олардың жауынгерлік мүмкіндіктерін жоғарылату, басқару жүйесін жетілдіру, жауынгерлік дайындығын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ішкі әскерлердің жаңа оқу-материалдық базасын құру, ішкі әскерлерді техникалық қайта қаруландыру, әскери-техникалық мақсаттағы қажетті жабдықтарды, қаруды, оқ-дәрілерді және ішкі әскерлерді дайындауға және реформалау іс-шараларын іске асыруға қажетті басқа да негізгі құралдарды сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Бағдарлама.лардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім.дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 049 | | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі.нің ішкі әскерлерін реформалау бағдарламасы | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлерін реформалау жөніндегі іс-шаралар.ды жүргізу, оның ішінде 24 атаулы байланыс жабдықтарын, 10 атаулы қару мен оқ-дәрілерді, 6 атаулы әскери-техни.калық жабдықтарды, 9 атаулы инженерлік-техникалық құралдарды, 9 атаулы арнайы құралдарды, 7 атаулы инженерлік қарулану құралдарын, 9 атаулы арнайы авто.техниканы, 22 атаулы медициналық жабдықтарды, 5 атаулы жиһаздар мен казармалық мұқаммалды, | Ай сайын | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Ішкі әскерлер комитеті, Қазақстан Республикасы.ның Ішкіісми.ні ішкі әс.керлерінің құрамалары мен бөлімдері. |

12 атаулы стационарлық,
кір жуатын, далалық,
тіркеме, тігін машинка.
ларын сатып алу
-----------------------------------------------------------------------------
Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының әскери доктринасы мен әскери реформалау концепциясында белгіленген негізгі тапсырмаларды іске асыру; барлық қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды сапалы орындауға қабілетті болу және заңсыз қаруланған құрылымдарға белсенді қарсы тұру; ішкі әскерлердің қаруලануының және әскери техникасының техникалық жағдайын жақсарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
16 қосымша

ЕСКЕРТУ. 16-Қосымша өзгерді- ҚР Үкіметінің 2002.12.21. N 202б қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
----------------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге алу үшін құжаттарды, нөмірлік белгілерді әзірлеу" деген 050 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1 362 256 мың теңге (бір миллиард үш жүз алпыс екі миллион екі жүз елу алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 29-I Заңы ; "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 маусымдағы N 777 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүргізушілердің және көлік құралдарының

жол қозғалысына қатысуына рұқсат беру жөніндегі заңнамада белгіленген мемлекеттік функцияларды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен жүргізуші куәліктерін қоса алғандағы жол полициясының арнайы өнімдерін әзірлеуді және өткізуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. ! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші ! (кіші бағдарламаны) ! мерзім. !орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. ! іске асыру жөніндегі ! дері !
!коды!лама!лардың) атауы! іс-шаралар ! !
! !коды! ! ! !
! ! ! ! ! !
---------------------------------------------------------------------------
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
---------------------------------------------------------------------------
1 050 Жүргізуші Қазақстан
куәліктерін Республикасы
көлік Ішкіісминінің
құралдарын <*>
мемлекеттік
тіркеуге алу
үшін
құжаттарды,
нөмірлік
белгілерді
әзірлеу.
030 Мемлекеттік "Көлік құралдары мен Ай сайын Қазақстан
тіркеудің олардың тіркемелеріне Республикасы
нөмірлік арналған жарық Ішкіісминінің
белгілерін қайтарғышы бар
әзірлеу. мемлекеттік тіркеу
белгілері" деген ҚР СТ
986-95 стандартына
және "Көлік құралдарына,
тіркеудің нөмірлік
белгілеріне арналған
әзірлемелер" деген ҚР
640 ТШ-3042787-1-95

техникалық шарттарына сәйкес мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін (318 315 бірлік) сатып алу.

031 Көлік құралын тіркеу туралы куәліктерді әзірлеу. ҚР 640 ТШ-3042787-3-96 техникалық шарттарына сәйкес көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерді (318 268 бірлік) сатып алу. Ай сайын Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің

032 Жүргізуші куәліктерін әзірлеу. ҚР 640 ТШ-3042787-2-96 техникалық шарттарына сәйкес жүргізуші куәліктерін (334 055 бірлік) сатып алу. Ай сайын Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің

---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: жүргізушілердің және көлік құралдарының жол қозғалысына қатысуына рұқсат беру жөніндегі заңнамада белгіленген мемлекеттік функцияларды іске асыру. Жол полициясының арнайы өнімдерін әзірлеу: автомобильдерге арналған мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілері - 285289 бірлік, мотокөлік және автомобиль тіркемелеріне арналған мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілері - 28026 бірлік, көлік құралдарын айдап әкелуге арналған мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілері (транзит) - 5000 бірлік, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер - 318268 бірлік және жүргізуші куәліктері - 334055 бірлік.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 202 қаулысына 17 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесіне қызмет көрсету" деген 051**

**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 9 679 мың теңге (тоғыз миллион алты жүз жетпіс тоғыз мың теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы .
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі істер органдарының криминалдық және тіркеу ақпараттарын өзара байланысты есебі мен талдауын қамтамасыз ету, деректердің, сондай-ақ ішкі істер органдары үшін жедел қызығушылық танытатын адамдардың жергілікті дактилоскопиялық базаларын қалыптастыру.
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.
6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 051 | | Автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесіне қызмет көрсету | 596 бірліктен тұратын автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке ақы төлеу | Ай сайын | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Жол полициясы комитеті |

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: 596 данадан тұратын автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйесіне қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
18 қосымша
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдарын және ішкі әскерлерін материалдық-техникалық ресурстармен, әскери техникамен және арнайы құралдармен қамтамасыз ету" деген 052 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 29 107 мың теңге (жиырма тоғыз миллион бір жүз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 146-II Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 карашадағы N 1118 қаулысы ; " Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеттіліктері үшін қорғаныстық тапсырыстарды іске асыру жөніндегі өздеріне жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің әскери және арнайы жабдықтау базаларының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: әскери және арнайы мақсаттағы бағалы заттарды, екі түрлі мақсатта пайдаланылатын материалдық-техникалық құралдарды және басқа да тауар-материалдық бағалы заттарды қабылдап алу, сақтау, ішкі істер

органдарының ішкі әскерлердің бөлімшелерін, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындары мен басқа да тұтынушыларын тауар-материалдық бағалы заттармен бір орталықтан жабдықтау; төтенше жағдайлар кезеңінде, бейбітшілік уақытта және ерекше кезеңде белгіленген материалдық қорларды сақтау жөніндегі өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің әскери және арнайы жабдықтау базаларын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

```
---------------------------------------------------------------------
N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама.  !      Бағдарламаны      !Іске асыру!  Жауапты
  !дар.!бағ.!лардың (кіші !  (кіші бағдарламаны) !  мерзім. !орындаушылар
  !лама!дар.!бағдарлама.  ! іске асыру жөніндегі !          !    дері    !
  !коды!лама!лардың) атауы!        іс-шаралар      !          !            !
  !    !коды!             !                        !          !            !
  !    !    !             !                        !          !            !
---------------------------------------------------------------------
1 ! 2  ! 3  !      4      !           5            !    6     !     7
---------------------------------------------------------------------
1           052                                    Қазақстан
                                                   Республикасы
                                                   Ішкі істер
                                                   министрлігінің
                                                   ішкі істер
                                                   органдарын
                                                   және ішкі
                                                   әскерлерін
                                                   материалдық-
                                                   техникалық
                                                   ресурстармен,
                                                   әскери
                                                   техникамен
                                                   және арнайы
                                                   құралдармен
                                                   қамтамасыз
                                                   ету.
          030 Әскери және  Қазақстан Республикасы  Ай сайын  Қазақстан
              арнайы мүлік Ішкіісминінің әскери              Республикасы
              базасы.      және арнайы жабдықтау             Ішкіісминінің
                           базаларын 52 бірліктен            "Южная"
                           тұратын штаттық сан               әскери және
```

| | |
|---|---|
| шегінде ұстау. Әскери және арнайы жабдықтау базаларының қызметін жанар-жағар май материалдарымен және басқа да тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету. Қоймаларды, сақтау орындарын, ғимараттарды және құрылыстарды ағымдағы жөндеуден өткізу. | арнайы жабдықтау базасы. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің "Северная" әскери және арнайы жабдықтау базасы. |

---

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: ішкі істер органдарының алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің бөлімшелерін заттай мүліктермен, қару-жарақпен, әскери техникамен, тауар-материалдық бағалы заттармен бір орталықтан жабдықтау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
19 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Қызметтік-іздестіру иттерін қолдану арқылы ішкі істер органдарының есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі қызметін қамтамасыз ету" деген 056 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 21 301 мың теңге (жиырма бір миллион үш жүз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан

Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы; "Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 1999-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1938 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 1999-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес саласында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жүктеген міндеттерді қызметтік-іздестіру иттерін қолдану арқылы барынша тиімді орындау үшін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: кинологиялық қызмет жөніндегі теориялық және практикалық сабақтарды және есірткі құралдарын, жарылғыш заттар мен қару іздеуге арналған қызметтік иттерді баулу жөніндегі практикалық сабақтарды өткізу бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда иттерді баулудың алдыңғы қатарлы әдістерін енгізу үшін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Кинологиялық орталығын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Бағдарлама. лардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 056 | | Қызметтік-іздестіру иттерін қолдану арқылы есірткі бизнесіне | | | |

қарсы күрес жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін қамтамасыз ету.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 030 | Кинологиялық оқу-жаттығу орталығы. | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Кинологиялық орталығын 75 бірліктен тұратын штаттық сан шегінде ұстау. Кинологиялық орталықтың қызметін азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, қызметтік иттерге арналған құрал-жабдық. тармен, нысанды және арнайы киім-кешектермен жанар-жағар май материалдарымен, тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету, 30 бірліктен тұратын қызметтік иттерді, 2 бірліктен тұратын автокөлікті, 1 бірліктен тұратын факсті, 1 бірліктен тұратын ксероксті сатып алу. | Ай сайын | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Кинологиялық орталығы |

---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: 80 кинолог мамандардың жоспарлы даярлаудан және біліктілігін арттырудан және 80 қызметтік иттердің есірткі құралдарын іздеуге баулудан өтуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
20 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Жедел қимыл көрсету қызметі" деген 061 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 74 957 мың теңге (жетпіс төрт миллион тоғыз жүз елу жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлерінің бірыңғай еңбекақы жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қаңтардағы N 10-1 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 шілдедегі N 1032-61 қаулысы; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штаттық санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысы; "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; "Мемлекеттік органдардың қызметкерлерін шетелдерге іссапарға жіберуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 наурыздағы N 274 қаулысы ; " Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдардың электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтыну нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет көрсетулер үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 сәуірдегі N 483 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын, ішкі әскерлерінің бөлімдері мен бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің нормалары және тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет

қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Азаматтардың конституциялық құқықтарын, олардың өміріне, денсаулығына және меншігіне қылмыстық қол сұғудан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сұңқар" арнайы мақсаттағы бөлімшесіне жүктелген міндеттердің барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін оның қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік, қорғаныс-шаруашылық, экологиялық қаупі бар маңызды объектілерге (АЭС, ГРЭС, химиялық және қорғаныс өндірістік кәсіпорындары және т.с.с.) енген қылмыскерлерді залалсыздандыру жөніндегі арнайы операцияларды жүргізу; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторында сотталған элементтер кепілдікке алған адамдарды босату; жаппай тәртіпсіздіктерді, сондай-ақ ұлтаралық қақтығыстарды басуға және олардың жолын кесуге қатысу; Қазақстан Республикасы аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында жарияланған төтенше жағдай (зілзала, техногендік апаттар, эпидемиялар және т.б. зардаптарын жою) режимін қамтамасыз ету және сақтау жөніндегі іс-шараларға қатысу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сұңқар" арнайы мақсаттағы бөлімшесіне жүктелген міндеттердің барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін оның қызметін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 061 | | Жедел қимыл көрсету қызметі | | | |
| | | 030 | "Сұңқар" арнайы мақсаттағы бөлімшесі | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сұңқар" арнайы мақсаттағы бөлімшесін штаттық сан шегінде ұстау. "Сұңқар" арнайы мақсаттағы | Ай сайын | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Сұңқар" арнайы |

бөлімшесінің қызметін мақсаттағы дәрі-дәрмектермен, заттай бөлімшесі мүліктермен, жанар-жағар. май материалдарымен, басқа да тауар-материалдық бағалы заттармен қамтамасыз ету.

---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: террористік актілерді басу және жолын кесу кепілге алынғандарды босату және ұйымдасқан қылмыстық топтарды, қарулы қылмыскерлерді жою.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 202 қаулысына 21 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
-----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Тергеу изоляторларында ЖҚТБ эпидемиясына қарсы әрекет жасау" деген 062 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 500 мың теңге (бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы; "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ эпидемиясына қарсы әрекет жасау жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 P011207 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: тиімді алдын алу шараларын, бірінші кезекте АИТВ жұқтыру қаупі бар адамдар арасында жүзеге асыру. АИТВ инфекциясының алдын алу мәселелері жөнінде тергеу қамауындағы адамдарды бірінші

кезекте ақпаратпен қамтамасыз ету. Салауатты өмір салты мәселелері бойынша білім беру бағдарламаларының нәтижелілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Бағдарлама. лардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 062 | | Тергеу изоляторларында ЖҚТБ эпидемиясына қарсы әрекет жасау | Тергеу изоляторларының жеке құрамына, қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларға АИТВ-ЖҚТБ-ға қарсы күресу, АИТВ-ны қаупі жоғары және ЖҚТБ-ға шалдық. қандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау принциптерін оқып-үйрену бағдарла. масының енгізілуін қамтамасыз ету. 1550 бірлік анкеталарды, 200 бірлік 1 атаулы плакаттарды, 4000 бірлік 1 атаулы буклеттерді, 3500 бірлік гигиеналық мақсаттағы медициналық бұйымдарды, 714 бірлік брошюраларды, 5 бірлік "Теңбетең" бағдарламасын үйретуге арналған тренингтерді сатып алу. | Ақпаннан бастап ай сайын | Қазақстан Республика. сының Ішкі. ісмині, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің тергеу изоляторлары |

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: тергеу изоляторларында АИТВ/ЖҚТБ-ның таралуына қарсы әрекет жасау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
22 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Ішкі істер органдарын жабдықтармен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлікпен жарақтау" деген 202 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 191 589 мың теңге (бір жүз тоқсан бір миллион бес жүз сексен тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығы ; "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163 Заңы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 1474-53 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі істер органдарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің бөлімшелерін материалдық-техникалық құралдармен жарақтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және оларды жабдықтармен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлікпен жарақтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

---------------------------------------------------------------------

N !Бағ.!Кіші!Бағдарлама. ! Бағдарламаны !Іске асыру! Жауапты
!дар.!бағ.!лардың (кіші ! (кіші бағдарламаны) ! мерзім. !орындаушылар
!лама!дар.!бағдарлама. ! іске асыру жөніндегі ! дері !
!коды!лама!лардың) атауы! іс-шаралар ! !

! !коды! ! ! !
! ! ! ! ! !

-------------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------------

1 202 Ішкі істер органдарын жабдықтармен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлікпен жарақтау 8 атаулы қарулану құралдарын, 9 атаулы оқ-дәрілерді, 11 атаулы жеке бронды қорғану және белсенді қорғаныс құралдарын, 2 атаулы әскери-химиялық мүлікті, 1 комплект бақылау жүйесі жабдықтарын, 1 комплект күзет-өрт белгілерін, 20 атаулы байланыс құралдары жабдықтарын, 3 атаулы криминалистикалық техниканы және 10 атаулы арнайы техниканы, 7 атаулы жиһаздары, 14 атаулы ұйымдастыру техникасын, 4 атаулы тұрмыстық техниканы және 7 атаулы көлікті сатып алу. Күзет-өрт белгілері жабдықтарын монтаждау. Шілдеден бастап ай сайын Қазақстан Республика. сының Ішкі. ісмині

-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жабдықтармен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлікпен жарақтау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
23 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
---------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Тергеу изоляторларын күзеттің инженерлік-техникалық құралдарымен жарақтау" деген 203 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 25 000 мың теңге (жиырма бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы түзеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 92 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қылмыстық-атқару заңнамасының ережелерін одан әрі іске асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкіісмині тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Ішкіісмині тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ тергеу қамауындағы адамдардың жүріс-тұрысы мен тергеу изоляторлары қызметкерлерінің қауіпсіздігіне бақылау жасау үшін оларды қазіргі уақыттағы инженерлік-техникалық құралдармен жарақтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Бағдарлама.лардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзім.дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 203 | | Тергеу изоляторларын күзеттің инженерлік-техникалық құралдармен | 3 бірліктен тұратын "Фокус-СМ" (адаптері бар) қабылдау-бақылау құрылғысы мен басқару жүйесін; периметрлер үшін баса-көктеп кіруді | 2002 жылғы II-III тоқсан | Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің тергеу изоляторлары |

жарақтау анықтау құралдарын: 7 бірліктен тұратын "Радиан-14" сыйымды анықтау құралын, 7 бір. ліктен тұратын "Газон" радиотолқынды құрылғысын, 5 бірліктен тұратын "Дельфин-МП" дірілдеткіш кабельдік анықтау құралын, 30 жинақтан тұратын "Спираль-ИИ" (Егоза) пас. сивті қоршауын, 4 тонна КО-1, 2 мырышты сым, 4 жинақтан тұратын көрінбейтін кедергіні; телевизиялық бақылау жүйелерін: 20 бірліктен тұратын МВК-16 сыртқы бейнекамераларды, 41 бірліктен тұратын КРС-500 ішкі бейнекамераларды, 10 бірліктен тұратын BWM-900 мониторларын, 20 бірліктен тұратын CHEB бейнекамералары үшін термоқор. ғау қаптамасын, 6 бірліктен тұратын BQ-525A бейнебелгілерді өңдеу құрылғысын, 4 бірліктен тұратын мультиплексорларды, 39 бірліктен тұратын квадра. торларды, 3 бірліктен тұратын JTR 9600P арнайы бейнемагнито. фондарды, 6 бірліктен тұратын G-1500 жақтаулық металл детек. торларын; 10 бірліктен тұратын Унискан 7215 тексеру металл детекторларын; кіруді бақылау жүйелерін: 4 бірліктен тұратын Модель 4015 CDP-S4 автономды проксимити жүйесін; күзет-өрт дабыл қаққыштарын: 400 бірліктен тұратын датчиктерді (түтіндік,

жылу, газ); 200 бірліктен тұратын ML-194 элекромагнитті құлыптарды; қоректендіру көздерін: 16 бірліктен тұратын ББП-20 үздіксіз қоректендіру көзін, 20 бірліктен тұратын FLAMM-7 аккумуляторын, 4 бірлік "Хонда" бензин генераторын сатып алу ------------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 202а қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: қылмыс жасауда сезіктілер арасындағы қылмыстар санын азайту, оларды қамауда ұстау орындарында тұрақты және болжанатын жағдайды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 ақпандағы
N 202 қаулысына
24 қосымша

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
-----------------------------------------------
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2002 жылға арналған "Ішкі әскерлердің жедел мақсаттағы батальонын материалдық-техникалық жарақтау"**
**деген 204 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 283 193 мың теңге (екі жүз сексен үш миллион жүз тоқсан үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2708 Заңы ; "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 163 Заңы ; "Жедел мақсаттағы батальоны мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 қазандағы N 1305 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республиканың оңтүстік аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейту үшін Талдықорған қаласына орналасатын жедел мақсаттағы батальонды құру.

5. Бюджеттік бағдарламалардың міндеттері: Талдықорған қаласында орналасқан қайта құрылған жедел мақсаттағы батальонды материалдық-техникалық қамтамасыз ету; жедел мақсаттағы батальонның жауынгерлік дайындығы мен ұрысқа қатысу қабілетін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
